У2018
1041к

Кенжебай Бекпаев

# Ару дала

Вокалдық шығармалар







Кенжебай Бекпаев

# Ару дала

## Вокалдық шығармалар

Астана – 2017

ӘОЖ 821.512.122:78
КБЖ 84 қаз – 5: 85.31
Б 39

Кенжебай Бекпаев
Б 39 **«Ару дала»**: әндер жинағы/К.Бекпаев – Астана «Мастер ПО» ЖШС, 2017 – 22 б.

ISMN 979-0-9016319-8-4

Композитор Кенжебай Бекпаевтың «Ару дала» жинағына мемлекетімізге белгілі ақындардың бес әні енді. Олар: «Ару дала», «Сен де мені сағынарсың», «Ақтардағы жанымды жайып ... түсін ...», «Астанаға ақпан келді», «Есінде ме?». Бұлар әр түрлі сипатты шығармалар.

Профессионал әншілер, жалпы, музыка сүйер қауым аталған әндерді жылы қабыл алады деген үміттеміз.

ӘОЖ 821.512.122:78
КБЖ 84 қаз – 5: 85.31

ISMN 979-0-9016319-8-4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ б/и

© К.Бекпаев, 2017

# Ару дала

Әні
Кенжебай Бекпаевтікі

Сөзі
Марфуға Айтхожанікі




Vox.
қаң - да а - на. Мен се - нің от ба - у - ы - рың - да өс - кен
жан - мын, ба - сы - ла - ды ба - сы - ла - ды
*mf*
құш - та - рым бар - сам ға - на,


19
Vox.
ба - сы-ла-ды
құш - та-рым
бар - сам ға -
22
Vox.
на.
25
Vox.
1.

# Ару дала

Ару дала, ақ дала, дарқан дала,
Нұр - шашың ба өрілген арқаңда ана.
Мен сенің от бауырыңда өскен жанмын,
Басылады құштарым барсам ғана.

Бойыңды сен паң ұстап керілесің,
Шынар болып жаныма өрілесің.
Басылмайды өзіңдік іңкәрлігім,
Қашанда көзіме оттай көрінесің.

О, менің торғын көрпе, жасыл далам,
Күнің бар ма құшағың ашылмаған.
Мен сені кезіп журген самалыңмын,
Дауыл жаны бұрқырап басылмаған.

Сенсің ғой, мына мені ақын еткен,
Мінезім бар өзіңдей батыл өктем.
Қазағым ерттеп мінген тұлпарсың сен,
Үстінде сан батырлар шалқып өткен.

# Сен де мені сағынарсың

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Ақберен Елгезектікі**




Ten.
Pno.
ff
mf
із - деп ме - ні са - бы-лар - сың,
са - бы-лар - сың, мен жүр -
мей - тін мен - жүр - мей - тін
мен - жүр - мей - тін бір жақ -


22
Ten.
та.
Pno.
mf
25
28
1.

## Сен де мені сағынарсың

Сен де мені сагынарсың,
Ашса қауыз гүл бақта.
Іздеп мені сабыларсың
Мен жүрмейтін бір жақта.

Бұлттан бейнем түзілгенде,
Мені аңсарсың бір күні.
Іштен әуен сезілгенде,
Қобалжисың бір түрлі.

Талдан, таудан сұрап мені,
Таба алмасаң, жыларсың.
Мың нүктеден құрап мені,
Жол шетіне құларсың.

Жүрегіңе мұң аларсың,
Өтіп көл мен теңізден.
Бәлкім, біліп қуанарсың
Жүргенімді сені іздеп ...

# Ақтар-дағы жанымды жайып... түсін...

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Танакөз Толқынқызынікі**

Терең сезіммен ♩ = 85




Ten.
Pno.
ff
мaң-дай-ың-нан,
сый-пай-ын-шы сен о-ған сен - о-ған -
mf
лай - ық-ты-сың,
сый-пай-ын-шы сен о-ған лай - ық-ты-сың.
rit.


19
1.
Ten.
19
1.
Pno.

## Ақтар – дағы жанымды жайып ... түсін ...

Ақтар - дағы жанымды жайып ... түсін ...
Толқын - тағдыр сынайды қайық күшін.
Ғайып құсым, сыйпайын маңдайыңнан,
Сыйпайыншы ... сен оған лайықтысың.

Бар екенсің! Мен соған шүкір дегем,
Сезімімді қайтейін шүпірлеген?
Мен - сен үшін Өлеңмін ең әдемі!
Сен - мен үшін өмірсің лүпілдеген!

Сен де мендей «Жіберме! Алып қал!» де,
Сүйкімді боп көрінер ғаріп хал де...
Мен - сен үшін мәңгілік сағынышпын,
Сен - мен үшін ең соңғы жарық сәуле!

# Астанаға ақпан келді

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтіті**

**Сөзі**
**ТанакозТолқынқызынікі**

**Moderato** ♩ = 95




Vox.
сен - кел - дің. Ток - та-та ал-май соқ - қан жел-ді,
Pno.
Vox.
соқ - қан жел-ді, сый - май үй-ге сен-дел-дім.
Pno.
ff
Vox.
сый - май үй-ге сен-дел-дім, сый - май үй-ге
mf
mp
Pno.


19
Vox.
сен - дел - дім.
mf
19
Pno.
22
Vox.
1.
22
Pno.
1.

## Астанаға ақпан келді

Астанаға ақпан келді,
Әлеміме сен келдің.
Тоқтата алмай соққан желді.
Сыймай үйге сенделдім.

Дегбір қашты үн қатқанша,
Бұл не деген ауыр күн?
Жұрт тұмаумен сырқаттанса,
Мен өзіңмен ауырдым.

Қызуыңыз көтерілсе –
Ол жай тұмау тигеннен.
Өзегімде от өрілсе –
Сізді құлай сүйгеннен.

# Есіңде ме?

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Сәруар Аплашқызы Қамаеванікі**




Vox.
Pno.
sfz
тан шық-қан күн-дей боп а - шыл-ға-ным.
f
Сез - ген-дей-ақ се-кіл-ді ем се - зім - де - рім
mf
жү - ре-гің-ді ту - ла-тып ба-сыл-ға-нын,
mp
mf
жү - ре-гің-ді ту - ла-тып ба - сыл-ға - нын.


Vox.
Pno.
1.
mf
Е - сін-де ме е - рек-те - у
mp
кө - рін-ге-нім.

## Есіңде ме?

Есіңде ме
Мойыныңа асылғаным?
Бұлттан шыққан
Күндей боп ашылғаным.
Сезгендей-ақ секілді ем
Сезімдерім
Жүрегіңді тулатып басылғанын.

Есіңде ме
Үзіле қарағаным?
Қиял кернеп,
Қалықтап барады әнім.
Көріп қана кетіп ең
Ай арудың
Алдына алып, бұрымын тарағанын.

Есіңде ме
Өлең боп өрілгенім?
Өзгелерден
Ерекшеу көрінгенім.
Сол өзгелік, еректік,
Еркіндіктен
Өзің үшін біржола бөлінгенім?
Есіңде ме
Ерекшеу көрінгенім ...

000001581856

## Мазмұны

Ару дала..........................................................................3
Сен де мені сағынарсың.......................................................7
Ақтар – дағы жанымды жайып ... түсін ..............................11
Астанаға ақпан келді............................................................15
Есіңде ме?.............................................................................19

Аранжирлеуші: ***Владимир Шевченко***

Кенжебай Бекпаев

# Ару дала

Басуға 13.04.2014 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 3,0 Пішімі 60/84 /8
Таралымы 50 дана
Тапсырыс 063
«Мастер ПО» ЖШС басылды
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418
e-mail.: masterpo08@mail.ru